

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті
Философия және саясаттану факультеті
Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы

Факультеттің Ғылыми кеңес мәжілісінде
БЕКІТІЛДІ
« _____ » _____ 2024 ж., хаттама № _____

Факультеттің деканы м.а _____ Мейрбаев Б.Б.

**«ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ЖАҢА СТАНДАРТТАР МЕН ОҚУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫ»
ПӘНІНЕН ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

«БВ01801- Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

АЛМАТЫ, 2024

КІРІСПЕ

Пән бойынша қорытынды емтихан 15 апталық оқытудан кейін жүргізіледі. Емтихан түрі – **жазбаша –офлайн**. Бакалавриат бөлімі бойынша 45 сұраққа жауап береді.

Жазбаша емтихан сұрақтары пән бойынша оқытылған дәріс, семинар және СӨЖ тапсырмаларының барысында құрастырылады. Қашықтықтан оқыту кезіндегі ауызша емтихан міндеті - оқу жетістіктерін меңгеруге жоспарланған білімдері мен дағдыларын бағалау болып табылады. Қашықтықтан оқыту кезінде ауызша емтиханды әзірлеу критериалды-бағдарлы тұрғысынан қарастырылады.

Жазбаша емтихан сұрақтарын құруда мазмұнды іріктеу кезінде басшылыққа алынатын принциптер: материалдың маңыздылығы; ғылыми нақтылық; сұрақтар мазмұнының пән бойынша білімдерге, деңгейіне сәйкестігі; репрезентативтілік (бақылау үшін мазмұн элементтерінің толықтығы мен жеткіліктілігі); ауызша емтихан сұрақтары мазмұнының білімжүйелілігі талаптарына сәйкестігі; кешенділік және теңгерімділік (негізгі тақырыптардың кешенді көрінісі және негізгі теориялық материалдар мен практикалық іс-әрекет әдістерінің теңдестірілген көрінісі);

Жазбаша емтихан Univer жүйесінде ұйымдастырылады, ауызша емтихан сұрақтарының саны 45 құрайды, бір билетте 3- сұрақ беріледі. Күрделілік деңгейі және ұзақтығы оқыту нәтижелеріне байланысты (когнитивті-білімді түсіну, функционалдық-білімді қолдану, жүйелік-бағалау, өнімді құру);

Дайындалуға арналған тақырыптар:

1 тақырып. Орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламалары идеяларының қалыптасу және даму тарихы.

«Орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламалары» курсының мақсаты және міндеттері. Орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламаларының дамуының негізгі кезеңдері. Орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламаларының басты ұғымдары. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұны, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейі, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптар

2 тақырып. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

Оқыту нәтижелеріне бағдарланған білім беру мазмұны,

оқу мерзіміне қойылатын талаптар, оқытудан күтілетін нәтижелер,
білім алушылардың дайындық деңгейі, білім алушылардың оқу жүктемесі

3 тақырып. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

4 тақырып. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарлары, білім алушылардың теориялық білімі, қолдана білу іскерлігін дамыту, негізгі орта білім берудің академиялық және практикалық бағыттары.

5 тақырып. Білім мазмұнын анықтайтын құжаттар. Білім мазмұны, стандарт туралы ұғым, оқу жоспары, оқу бағдарламасы, оқулық

6 тақырып. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Оқушы тұлғасын дамыту, әлеуметтендіру және тәрбиелеу жолдары. Отбасы және ұлттық тәлім-тәрбиенің баланың әлеуметтенуіндегі рөлі. Тәрбие технологиялары.

7 тақырып. Орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, оқу нәтижелеріне бағдарланған орта білімнен кейінгі білім беру мазмұнына қойылатын талаптар, білім алушылардың оқу жүктемесі, білім алушылардың дайындық деңгейін арттыру. Жұмыс әдістері мен тәсілдерін жүргізілуі.

8 тақырып. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың кәсіптік білім берудегі маңыздылығы. Кәсіптік білім берудің оқыту нәтижелері, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі, білім алушылардың дайындық деңгейі, оқу мерзімі.

9 тақырып. Қазақстандағы техникалық білім беру. Техникалық білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

10 тақырып. Білім беру мазмұнындағы жаңартылған оқу бағдарлама. Жаңартылған оқу бағдарламасының орта мектептегі рөлі.

11 тақырып. Білім берудегі жаңа стандарттарға сәйкес инновациялық технологиялары. Оқу үрдісінде инновациялық педагогикалық технологияларды пайдаланудың маңыздылығы, білім алушылардың танымдылық іс-әрекетін ұйымдастыра отырып кәсіби құзыреттілігін дамыту.

12 тақырып. Білім берудегі жаңа стандарттарға сәйкес білім сапсын арттыру жолдары. Оқушылардың білім сапасын арттыру жолдары, жаңа технология арқылы білім сапасын арттыру, қазіргі мектептің оқу-тәрбие үрдісіндегі инновациялық педагогикалық технологиялар, сыни тұрғысынан ойлау.

13 тақырып. Жалпы орта мектептердегі білім берудің халықаралық талаптарға сәйкестігі. Қазақстанның жалпы орта білім беру жүйесі, жалпы орта білім беру стандартының халықаралық талаптарға сәйкестігі

14 тақырып. Орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламалары арқылы педагог кадрларды қайта даярлау. Орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламалары арқылы педагог кадрларды қайта даярлаудағы өзекті мәселелерді шешу жолдары.

15 тақырып. Білім беру жүйесін орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламалары негізінде педагог кадрлардың кәсіби деңгейін дамыту. Орта мектептегі жаңа стандарттар мен оқу бағдарламалары арқылы педагог кадрлардың мониторингін ұйымдастыру

Ұсынылатын әдебиет:

1. Государственная программа: Образование – «Учитель Казахстана», 2000
2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» - Алматы: Юрист, 2010
3. Концепция развития образования Республики Казахстан до 2015 года
4. Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. /Под.ред. Полат Е.С.- М., 2000
5. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауы // <http://www.edu.gov.kz>
6. 2020 жылға дейінгі білім беруді дамытудың ұзақ мерзімді бағдарламасы // <http://www.edu.gov>
7. Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы- 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
8. «Білім технологиялары» № 3, 2016 ж.
9. Аймішова Г.М. Мектеп-лицейдің география пәнінің мұғалімі. Деңгейлік курстар- жаңартылған білім беру мазмұнының болашағы.
Онлайн қарауға болады: Қосымша оқу материалдарын. Ол Сіздің универ бет парақшаңызда univer.kaznu.kz. ПОӘК бөлімінде қол жетімді.

БАҒАЛАУ САЯСАТЫ
ВАК/МАГ/ДОС СТАНДАРТТЫ ЕМТИХАН: ЖАЗБАША

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы 90–100% (27-30 балл)	Жақсы 70–89% (21-26 балл)	Қанағаттанарлық 50–69% (15-20 балл)	Қанағаттанарлықсыз 25–49% (8-14 балл) 0–24% (0-7 балл)	
1 сұрақ 30 балл	Курс теориясы мен тұжырымдамаларын білу және түсіну	«Өте жақсы» деген баға сұрақтың жан-жақты түсіндірмесі, әрбір қорытынды мен мәлімдеме үшін егжей-тегжейлі дәлелі бар, логикалық түрде құрастырылған және әзірленген тақырыптардан мысалдармен расталған жауап үшін қойылады.	«Жақсы» деген баға сұрақтың толық, бірақ толық емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған аргументтерін қамтитын және материалды беру логикасы мен реттілігін бұзуға мүмкіндік беретін жауапқа қойылады. Жауапта стильдік қателер мен терминдерді дұрыс қолданбауы кедергі келтірмейді.	«Қанағаттанарлық» бағасы билетте ұсынылған сұрақтарды толық қамтымаған, негізгі ойларды үстірт дәлелдейтін, баяндаудағы композициялық теңгерімсіздіктерге, материалды баяндау логикасы мен реттілігін бұзуға жол берген жауапқа қойылады. Әзірленген жазбаларынан мысалдармен теориялық ойлары көрсетілмейді.	Қойылған сұрақтарды дұрыс қамтымау, қате дәлелдеу, фактілік және сөздік қателер, дұрыс емес қорытындыны болжау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу...; Қорытынды бақылауды өткізу ережесін бұзу.
2 сұрақ 30 балл	Таңдалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа егжей-тегжейлі, дәлелді жауап беру, содан кейін курстың практикалық мәселелерін шешу;	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, толық емес, курстың практикалық мәселелерін толық шешпей қойылған сұраққа дәлелді жауап беру; курс бойынша ғылыми тіл нормаларын сауатсыз пайдалану;	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткілікті ойластырылмаған жауап жоспары; тапсырмаларды шешпе алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктердің	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және неғиже жасай алмау. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

№	Критерий/ балл	Дескрипторлар				
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық	Қанағаттанарлықсыз	
		90–100% (36-40 балл)	70–89% (35-28 балл)	50–69% (27-20 балл)	25–49% (19-10 балл)	0–24% (0-9 балл)
3 сұрақ 40 балл	Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негіздемесі	Ғылыми ұстанымды және қолданылған әдістеме мен технологияны дәйекті, қисынды және дұрыс негіздеу, сауаттылық, ғылыми тіл нормаларын сақтау, жалпы дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін материалды ұсынуда 1-2 дәлсіздікке жол беріледі (+графикалық деректер арқылы негіздеу нәтижелерін визуализациялау).	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жақсы жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер бар, сонымен қатар практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлдік жоқ	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттері 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі-100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 30 балл, екінші сұраққа-30 балл, үшінші сұраққа - 40 балл.